

Ондық бөлшекті натурал санға бөлу
Ондық бөлшекті ондық бөлшекке бөлу

Есеп № 1

Үш қораптың әрқайсының салмағын табу керек, егер бірінші қораптың салмағы екінші қораптан 0,5 кг жеңіл, ал үшінші қораптың салмағы біріншіге қарағанда 0,4 кг жеңіл және олардың жалпы салмағы 4,3 кг.

Шешуі

Екінші қораптың салмағын x –пен белгілесек, онда:

I қорап - $x - 0,5$

II қорап - x

III қорап – $(x - 0,5) - 0,4$

Төмендегідей теңдеу аламыз

$$x - 0,5 + x + (x - 0,5) - 0,4 = 4,3$$

Жақшаны ашып, ұқсас қосылғыштарды біріктіреміз

$$3x - 0,9 = 4,3$$

$$3x = 5,7$$

Ондық бөлшекті натурал санға бөлуді, натурал сандарды бөлу сияқты бұрыштап бөлеміз.

Ондық бөлшекті натурал санға бөлу

1-мысал.

$$17,4 : 3 = 5,8$$

$$\begin{array}{r} \underline{17,4} \quad | \quad 3 \\ 15 \\ \hline 24 \\ \underline{24} \\ 0 \end{array}$$

2-мысал.

$$2,45 : 7 = 0,35$$

$$2 < 7$$

$$\begin{array}{r} \underline{2,45} \quad | \quad 7 \\ 0 \\ \hline 24 \\ \underline{21} \\ 35 \\ \underline{35} \\ 0 \end{array}$$

Ондық бөлшекті натурал санға бөлу үшін:

- 1) Бөлшекті үтіріне қарамай сол санға бөлеміз;
- 2) Бөліндіге үтірді бөлінгіштің **бүтін бөлігі** біткен кезде қоямыз.

Егер бүтін бөлігі бөлгіштен кіші болса, онда **бөлінді нөл бүтінмен** басталады.

Шешуі

х-тің мәнін табу үшін жоғарыдағы ережені қолданамыз

яғни, $x = 1,9$ кг

Әр қораптың салмағын табамыз

I қорап – $1,9 - 0,5 = 1,4$ кг

II қорап – $1,9$ кг

III қорап – $(1,9 - 0,5) - 0,4 = 1$ кг

Жауабы:

I қорап – $1,4$ кг; II қорап – $1,9$ кг; III қорап – 1 кг

$$\begin{array}{r} 5,7 \quad \left| \begin{array}{l} 3 \\ \hline 1,9 \end{array} \right. \\ \underline{3} \\ 27 \\ \underline{27} \\ 0 \end{array}$$

Есеп № 2

Мысықтың салмағы 4 кг, ал оның жаңа туған баласы соқырдың салмағы 0,08 кг. Мысықтың салмағы өз баласының салмағынан қанша есе ауыр тартады?

Ескерту: Мысықтың баласын жана туғанда соқыр деп, ал содан кейін марғау деп те, мәулен деп те атайды.

Шешуі

Мысықтың салмағы өз баласының салмағынан қанша есе ауыр тартатындығын табу үшін мысық салмағын (4 кг) соқыр салмағына бөлу керек (0,08 кг), яғни 4-тің 0,08-ге бөліндісін табу керек.

Ондық бөлшекке бөлу

1-мысал.

$$2,28 : 0,6 = 3,8$$

$$22,8 : 6 = 3,8$$

$$\begin{array}{r} \underline{22,8} \quad | \quad \underline{6} \\ -18 \quad \quad | \quad 3,8 \\ \hline 48 \quad \quad | \\ -48 \quad \quad | \\ \hline 0 \end{array}$$

2-мысал.

$$3,312 : 3,45 = 0,96$$

$$331,2 : 345 = 0,96$$

$$331 < 345$$

$$\begin{array}{r} \underline{331,20} \quad | \quad \underline{345} \\ -0 \quad \quad | \quad 0,96 \\ \hline 3312 \quad \quad | \\ -3105 \quad \quad | \\ \hline 2070 \quad \quad | \\ -2070 \quad \quad | \\ \hline 0 \end{array}$$

Санды ондық бөлшекке бөлу үшін:

1) бөлгіште үтірден кейін **қанша цифр** болса,

сонша цифрға

бөлінгіштегі және

бөлгіштегі үтірді оңға

жылжыту керек;

2) Осыдан кейін ондық бөлшекті натурал санға бөлуді орындау керек.

Шешуі

Есептің шешімін табу үшін жоғарыдағы ережені қолданамыз

(4 санын 400 түрінде, ал 0,08 санын 8 түрінде жазамыз да бөлуді орындаймыз)

$$\begin{array}{r} 400 \quad | \quad 8 \\ 40 \quad | \quad 50 \\ \hline 0 \end{array}$$

Жауабы: мысық өз баласынан 50 есе ауыр.

Бөлүдү орындандар:

1) $3416,04 : 8;$

2) $0,2448 : 36;$

3) $180,015 : 25;$

4) $1,98 : 40.$

5) $3,725 : 1,49;$

6) $0,16043 : 0,526.$

Жауаптары:

1) 427,005;

2) 0,0068;

3) 7,2006;

4) 0,0495.

5) 2,5;

6) 0,305.

Талдау мысалдары

3-мысал.

$$1505,86 : 43 = 35,02$$

$$\begin{array}{r} \underline{1505,86} \quad | \quad 43 \\ \underline{129} \quad | \quad \underline{35,02} \\ 215 \\ \underline{215} \\ 086 \\ \underline{086} \\ 0 \end{array}$$

Бөлшек бөлігінен қатарынан екі цифрды бірден түсіреміз. **Бөліндіде үтірден кейін нөл қоямыз!**

4-мысал

$$5612,8 : 16 = 350,8$$

$$\begin{array}{r} \underline{5612,8} \quad | \quad 16 \\ \underline{48} \quad | \quad \underline{350,8} \\ 81 \\ \underline{80} \\ 128 \\ \underline{128} \\ 0 \end{array}$$

қатарынан екі цифрды бірден түсіреміз. **(біреуі бүтін бөліктен!). Бөліндіде үтірдің алдынан нөл қоямыз!**

Талдау мысалдары

5-мысал.

$$1007,371 : 53 = 19,007$$

$$\begin{array}{r} \underline{1007,371} \quad | \quad 53 \\ \underline{53} \\ \hline 477 \\ \underline{477} \\ \hline 0371 \\ \underline{0371} \\ \hline 0 \end{array}$$

Бөлшек бөлігінен қатарынан үш цифрды бірден жылжытамыз. Бөліндіде үтірден кейін екі нөл қоямыз!

6-мысал.

$$0,2574 : 65 = 0,00396$$

$$\begin{array}{r} \underline{0,25740} \quad | \quad 65 \\ \underline{0} \\ \hline 257 \\ \underline{195} \\ \hline 624 \\ \underline{585} \\ \hline 390 \\ \underline{390} \\ \hline 0 \end{array}$$

Блицтурнир

- 1. Ұлының жасы 12-де, ол әкесінің жасының 0,4 бөлігін құрайды. Әкесі неше жаста?**
- 2. Бірінші бөлменің ауданы $15,2 \text{ м}^2$ және ол екінші бөлме ауданының 80 пайызын құрайды. Екінші бөлменің ауданы қаншаға тең?**
- 3. Автотурист бірінші күні 180 км жол жүрді. Бұл екінші күні жүрген жолдың 120 пайызы. Автотурист бірінші күні екінші күнгі жүрген жолға қарағанда қанша км артық жол жүрді?**
- 4. Банан 400 теңге тұрады, ол жүзім бағасының 50% құрайды, ал жүзімнің бағасы ананас бағасының 32% құрайды. Ананас қанша тұрады?**